

АРДАГЕРДІҢ ТІЛЕГІ – БЕЙБІТШІЛІК



2

ҰЛТТЫҚ ТЕАТР ҰЖЫМЫ ЕМБІЛІКТЕР
АЛДЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ



3

ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙҒА - «МҰНАЙШЫЛАР ДАҢҚЫ»
АЛЛЕЯСЫ



5



Ембі ТЫНЫСЫ

№7 (91)
МАМЫР
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫ АТА-АНАЛАР!

ҚҰРМЕТТІ БАЛАЛАР!

Сіздерді оқу жылынан кейінгі жазғы демалыстың басталуымен тұспа-тұс келетін 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймыз!

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – еліміздің әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды – Балалар жылы деп жариялады. Осыған орай, биыл балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайтуға, инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Жауапкершілігі мол Жұмыс беруші ретінде компания отбасылық құндылықтарды нығайтуға үлес қосып келеді. Бұл Ембі мұнайшыларының әлеуметтік пакетінде көрініс тапқан, ол жазғы демалысты ұйымдастыруда ата-аналарға материалдық қолдауды да көздейді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да осынау мерекеге орай ұжымішілік байланысты нығайту, балалардың арасында мұнайшының мәртебелі мамандығына деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ембілік мұнайшылар балаларына арналған ауқымды шаралар ұйымдастырылып келеді.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Балаларға заман талабына сай мамандықтарды таңдау жолында дұрыс бағыт бере білу – әрбір ата-ананың міндеті. Өйткені, балалардың амандығы, кәсіби білікті, сұранысқа ие маман болуы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі.

Еліміздегі жас өскелең ұрпақ аман болсын! Әр уақытта аспандары ашық, дендері сау болып, Отанымыздың мақтанышы болуларына тілектеспіз!

Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

1
МАУСЫМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ
ҚОРҒАУ КҮНІ



Батырға құрмет

АРДАГЕРДІҢ ТІЛЕГІ - БЕЙБИТШІЛІК

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері Ақтөбе қаласында тұратын компанияның зейнеткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Ажар Оразғалиеваның үйіне барып, Жеңістің 77 жылдығымен құттықтады.

Сұрапыл соғыс басталғанда Ажар Оразғалиева өзі сұранып, ерлермен бірге майдан даласына аттанып, ерлік пен қаһармандықтың нағыз үлгісін көрсетті. Атыраудағы 416 зенитті артиллериялық полкте әскери жаттығудан өткен.

18 жасар өрімдей қыз әуедегі жау самолеттерін жоюға арналған «Зенит» артиллериясының зеңбірек нысанашысы болып, әуе шабуылдарына тойтарыс беруді үйренеді.

Майданда минометші болып, жаумен бетпе-бет бірнеше рет кездесіп, 416-дивизия құрамында Курск шайқасына, кейін Киевті азат етуге, сондай-ақ, 1944 жылы Румынияны азат етуге қатысты. Арды – байрақ, намысты найза еткен батырдың қаһармандығы, көрсеткен ерлігі бүгінде аңызға айналды.

Ел басына күн туған шақта қолындағы кестесін сұр қаруға айырбастаған Ажар Оразғалиева Р.Қошқарбаевтың Рейхстагқа ту тіккенін көзімен көрген. Жанталаса жауды ығыстыра отырып, Жеңіс күнін жақындата түсірді.

Бүгінде ембілік ардагер Ажар Оразғалиева сол сұрапыл жылдарды терең тебіреніспен еске алады.

«Соғысқа аттанарда ұзын бұрымымды кесіп, анама тапсырып кеттім. Бойымда еш үрей болмады. Майданға өзім сұранып, тезірек қолыма қару алып, ұрысқа араласып, жауды жеңсем деген бір ғана арманым болды», - деп еске алады Ажар әжей.

Курск, Орел, Харьков, Брянск қалалары азат етуге қатысқан Ажар Оразғалиева жылдар өткенімен,



майдандағы әрбір ұрыста қол жеткізген жеңіс өзінің мәнін еш уақытта жойған еместігін, өйткені, жан алып, жан беріскен шайқас санадан еш ұмытылмайтындығын айтады.

1945 жылы қазанда майданнан елге оралған Ажар Оразғалиева «Доссормұнайгаз» өндіру басқармасында есепші болып жұмысқа орналасты. Кейін отбасы жағдайына байланысты Сағыз поселкесіне көшіп, ОРС мекемесіне дүкенші жетекшісі болып қызмет етеді. Ал, 1974 жылы зейнеткерлікке шыққан.

«Белоруссияны азат еткені үшін», «Курск қаласын азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» және тағы басқа марапаттары – ардагердің қайсар рухы мен Отанға деген шексіз махаббатының нақты көрінісі.

Майданда ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, бүгінде 100 жасқа қараған Ажар әжейдің ендігі тілегі – ел мен жердің амандығы, бірлігі мен берекесі.



Адалдық пен елге деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен ардагерлердің алдында бас иіп, тағзым етеміз.

Ерлікке тағзым

ЕМБІЛІКТЕР СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАЗА ТАПҚАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығы қарсаңында тыл ардагерлері, Тәжік - Ауған соғысы ардагерлерінің, сондай-ақ, «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппараты ұжымы «Азалы Ана» мемориалының мәңгілік алауына гүл шоқтарын қойды.

Ембі мұнайшылары дүниеден өткен соғысқа қатысушылар мен барлық ардагерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Олардың ерлігі келешек ұрпақ үшін теңдесі жоқ ерліктің, жанқиярлықтың, мызғымас ерік-жігердің нағыз үлгісі болып қала бермек.

- Бұл күні біз Жеңіс күнін жақындатуға зор үлес қосқан ембілік аға мұнайшы әріптестерімізді ерекше мақтанышпен және зор құрметпен еске аламыз. Сұрапыл жылдарда жеңісті жақындатуға ембілік мұнайшылардың да қосқан үлесі өте зор. Қиын сәттерде жоспарды 250 пайызға орындаған мұнайшылардың ұраны «Мұнай – майданға!» болды. Олардың қайсарлық пен отансүйгіштіктің үлгісіндегі еңбек ерлігі біздің жадымызда мәңгі сақталады, - деді **«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.**

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында Ұлы Отан соғысының 1 ардагері, 59 тыл еңбеккері, сонымен қатар, 13 Ауған жауынгері бар. Компанияда соғыс ардагері мен тыл еңбеккерлеріне, интерна-ционалист-жауынгерлерге қамқорлық жасау әркез назарда ұсталынады.





ҰЛТТЫҚ ТЕАТР ҰЖЫМЫ ЕМБІЛІКТЕР АЛДЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ



«Бес бойдаққа бір той» комедиясы



«Таңсұлу» драмасы

16-18 мамыр күндері аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ 100 жылдығына орай Компанияның арнайы шақыртуымен М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры ұжымы Атырауға гастрольдік сапармен келді.

Махамбет атындағы қазақ академиялық драма театрында үш күнге созылған өнер кешінде ұлттық драма театрының ұжымы мұнайшыларға қоюшы режиссерлар – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А.Кәкішеваның «Таңсұлу» драмасын, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері А.Рахимовтың «Бес бойдаққа бір той» комедиясын және Ж.Жұманбайдың «Қара» драма-диалогын сахналады. Сахна саңлақтарының өнеріне сусап қалған атыраулық мұнайшылар үш күн бойы оларға дамылсыз қол соғып, зор қошемет көрсетумен болды.

Өнер кешінің жабылу салтанатында сөз алған Атырау облысы әкімінің орынбасары Нариман Таушов М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры ұжымын, театр және кино артисі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовті киелі Атырау жеріне келуімен шын жүректен құттықтап, аймақ басшысы Серік Шәпкеновтың атынан алғыс айтты.

– Алматыдан келіп жатқан театр біздің көрерменге ғасырға жуық уақыттан бері таныс. Екіншісі бұл ұжымның өнерін Алматыға барып тамашалай алмайды. Үш күн бойы атыраулық мұнайшыларға рухани азық сыйлаған «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына бәріміздің атымыздан алғыс айтамыз! – деді аймақ басшысының орынбасары.

– Бүгін қазақ мұнайының қарашаңырағына айналған «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай қазақ өнерінің қарашаңырағы М.Әуезов атындағы ұлттық театрдың келуін тарихи сабақтастық деп ойлаймын. Біздің іргетасымыз сонау 1922 жылы қаланған болса, аталмыш театр алғаш рет 1926 жылы Қызылорда қаласында тұсауын кескен болатын. Атақты С.Қожамқұлов ағамыз бастаған ұжымға бүгін қазақ өнерінің майталманы, Қазақстанның Еңбек ері Асанәлі Әшімов ағамыз жетекшілік етіп келеді. Бізге өнер кешін сыйлап, көңілімізді көтеріп, мерейтойымызды бірге бөліскендеріңізге ембілік көрермендер атынан алғыс айтамын, – деп атап өтті компанияның Басқарма төрағасы Есен Қайыржан.

Әр ұлттың рухани болмысын көрсететін ерекше символдары болады. Атап өтейік, Қазақ елі үшін ұлттық келбетімізді биік деңгейлерден көрсете алып жүрген ұжым ұлттық драма театры ұжымы 1926 жылы М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасымен алғаш Қызылорда жерінде шымылдығын ашты. Өнер ұжымы биыл 96 жылдығын атап өтуде.

– М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры ұжымы тарихы терең, еліміздің экономикасында алар орны үлкен «Ембімұнайгаз» компаниясының күллі ұжымын 100 жылдық мерейтойымен құттықтайды! Сіздердің де, біздердің де мүддеміз ортақ. Ол – қасиетті Қазақстанымыздың заманға сай дамуы, гүлденуі, берекесі мен бірлігі. Осы

жолда жұмыстарыңызға табыс, үлкен жетістіктер, мықты денсаулық тілейміз! Компанияның қоғамымыздың рухани-мәдени дамуына көңіл бөлетіні, мүмкіндігінше өнер ұжымдары мен өнер қайраткерлеріне қолдау көрсетіп отыратыны көңілде үлкен ризашылық тудырады. Осы орайда, сіздердің мерейлі қуаныштарыңыздың қарсаңында қарашаңырақ – қазақтың ұлттық драма театрының Атырау өңіріне өнер сапарымен келуі де заңды деп білеміз, – деді **М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін ЖУАСБЕК.**

«Таңсұлу» драмасы

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе». Қыз өсіруге ерекше мән берген қазақ үшін осы ұғым – қағида. Толықсып бойжетіп, өз теңіне ұзатылғалы отырған, атына заты сай Таңсұлудың тағдыры – ғасырлар бойғы қазақ қыздарының еншісі. Тұтқынға түскен ару көз құрты болған сұлулығын өз еркімен тәрк етеді. Ұрпағын аман сақтап, махаббатына да қылаң түсірмейді. Қанша қиын күн туса да мойымай, ұлына бабалар рухын жырлайды.

...Өзінің мұндай талайлы тағдырын он жасында түсінде көрген Таңсұлу – Ұлы Даланың жазылмаған заңы – тектілік пен намыстың символы десе болады.

Мұнда әртістер кейіпкерлер рөлдерін шебер сомдап, бейнелерін толық аша білді.

«Бес бойдаққа бір той» комедиясы

Көрнекті жазушы-драматург Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Бес бойдаққа бір той» екі бөлімді музыкалық комедиясы араға бес жыл салып, сахнаға қайта оралып отыр.

Қырманбай шал және оның ұлдары мен қыздары. Жер ортасынан ауғанда кемпірі дүние салған Қырманбай ұл-қыздарының тұрмыс-тыныс тіршілігіне қарны ашады, сондықтан, өз әулетінің ертеңіне алаңдаулы болса, балалары әкесін үйлендірмек болып әлек.

Бүгінгі күн мәселесін ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарастыратын әзілге толы қойылымда әсем ән мен қазақы қалжыңдар жалпы атмосфераны жандандыра түседі. Мұнда Қырманбай рөлін - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бекжан Тұрыс сомдап, көрерменнің ыстық ықыласына ие болды.

«Қара» драма-диалогы

Гастрольдік сапар Абайдың қара сөздері негізіне алынған «Қара» спектаклімен шымылдығын жапты. Аталмыш спектакль пікірталас формасында қойылды.

Жалғыз кейіпкер - Абай және Абайдың ойлары. Қойылым Абайдың кейінгі ұрпаққа айтып кеткен өсиетін бүгінгі заман тынысы, көкейкесті мәселелері аясында қарастыра отырып, ұлттық құндылықтарды, бейбітшілік пен келісімді дәріптейді. Бұл қойылымда да әртістердің өнерлеріне тәнті болған көрермен қошеметінде шек болмады.

96 жылдық тарихы бар театрдың Тәуелсіздік жылдарында өсіп, қалыптасқан бай репертуарының ішінен таңдап алынған, көрерменнің патша көңілінің төрінен орын алған спектакльдерді көрсете отырып, Тәуелсіздік жылдарында театр және кино өнерінде өз қолтаңбаларын қалыптастырған театр актерларының өнерімен мұнайшыларды қауыштыру басты мақсат болды.

Әкемтеатрдың Атырауға гастрольдік сапары мұнайлы өлкенің мәдениеті мен руханиятына жаңа леп беріп, көрермендерді шын өнермен сусындатты.

Шара соңында компания басшысы Есен Қайыржанұлы Ембі ұжымы атынан қазақ театры мен киносының тарланы А.Әшімовке Алғыс хат табыстап, иығына шапан жапты. М.Әуезов атындағы ұлттық драма театрының директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Е.Жуасбекке және Махамбет атындағы Атырау облыстық қазақ академиялық драма театрының директоры Б.Жаменовке де ембілік мұнайшылар атынан Алғыс хат табысталды.

Илья ЖАҚАНОВ, Қазақстанның Еңбек Ері:

«Театр қойылымдарынан сусап қалыппыз»
Үш күн бойы бәрімізге рухани ләззат сыйлаған театр ұжымына, соған мүмкіндік жасаған «Ембімұнайгаз» басшылығына алғысымыз шексіз. Біз расында да өнерден, театр қойылымдарынан сусап қалыппыз. Атырау, шын мәнінде, бүкіл Қазақстанның ырызыдығы мен берекесі. Осы бағытынан танбай, мұнайлы өлке гүлдене берсін деп тілейміз.

Біз мына тұрған аңыз адам – Асанәлі Әшімов екеуміз – сыныптаспыз. Мектептегі оқушылық, одан әрі студенттік шағымыз бірге өтті. Ол – шын мәніндегі әлемдік деңгейдегі актер!

Асанәлі ӘШІМОВ, Қазақстанның Еңбек Ері:

«Келген сайын көрермендерден рух, нәр алып кетеміз»

– Өздеріңіз көріп отырғандарыңыздай, театрымыздың ұжымы жастардан тұрады. Бүгін олар сіздердің назарларыңызға Абайдың қара сөздерінен сахналық өнер – композиция ұсынып отыр. Ұлы Абайда артық сөз жоқ. Бәрі орынды. Театр репертуары да ауқымды. Біз бұрындары сіздің өңірге жиі келетінбіз. Келген сайын көрермендерден рух, нәр алып кететінбіз. Залдан қайта-қайта қол соғып, назар сала тыңдап, құштарлана көріп отырғандарыңызға бек ризамыз. Сіздерге көп рахмет, атыраулық жанашыр көрермендерім!

Білім

«Бүгінгі заман білектілердің емес, білімділердің заманы» екенін шын ұққан дарынды балалардың саны жыл санап көбейіп жатқаны қуантады. Ал, солардың қатарынан ембілік мұнайшылардың балаларының да табылуы – үлкен мақтаныш. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-да еңбек ететін өндірісті жедел басқару қызметінің инженер-технологы Жасұлан Құлғалиев пен ұңғыларды зерттеу цехының геологы Анаргүл Халидуллинаның тұңғыш ұлдары Әлішер Нұролла – жастайынан білім мен ғылымға баса көңіл бөліп, бүгінде тек облысымыздың ғана емес, республикаға есімі белгілі жас дарын иесі.



ЖАС ДАРЫН

Жасқа толмаған шағында-ақ тілі шығып, үш жасында еркін сөйлеп, есептерді өздігінен шығара бастаған Әлішер сол кішкентай кезінен бастап болашағынан үлкен үміт күттіре бастаған. Байқампаздығымен, есте сақтау қабілетінің жоғарылығымен ерекшеленетін ол балабақшада, мектепте оқу бағдарламаларын бірден іліп әкетіп, өз замандастарынан едәуір алда жүретін. Екінші сыныптан бастап ғылыми жобалар байқауына қатысты.

- Алтыншы сыныпқа дейін Аққыстау орта мектебінде білім алды. Бір жыл бойы сабағынан үзбей, Атырау қаласына қосымша курстарға апарып жүрдік. Нәтижесінде емтиханнан сүрінбей өтіп, облыстық «Білім-Инновация» лицей-интернаты мен «Назарбаев зияткерлік мектебіне» жолдама алды. Біз таңдауды оның өз еркіне беріп, түрік лицейіне оқуға түсті. Қазір 9 сыныпта білім алуда, - дейді анасы Анаргүл Халидуллина.

Бала кезінен математикаға зерек бала бүгінде география пәнін тереңдетіп оқуда. Өткен жылы 8 сыныпта оқып жүріп, 9-сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың жеңімпазы атанған болатын. Осынау жетістігі үшін ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың атынан дипломмен марапатталған болатын. Сонымен қатар, министрдің өзі Әлішердің ата-анасына баланы білім мен ғылымға тәрбиелеудегі оң ықпалдары үшін арнайы Алғыс хат жолдаған. Әлішер биыл да аталмыш білім додасында тағы да бақ сынасып, еліміздің мықты білгірлері арасында жүлделі II орынды иеленді.

- Әлішер кішкентай кезінде бала болып ойнаған жоқ. Үнемі үлкен адамдармен тіл табысып, үлкен ортада болғанды ұнататын. Жаңалықты көп тыңдайды. Тіпті саясат тақырыбында әңгіме қозғалса, араласып, үн қосып отырады. Алдына қойған мақсатына жетуде еш тайынбайды. Баламыздың осы тұрғыдағы жауапкершілігін жоғары бағалаймыз. Ата-анаға еш күш салмай, өздігінен жүріп оқи береді. Бір орынға 1500-дай бала бақ сынасқан «Білім-Инновация» лицей-интернатына оқуға түсуі – өзінің еңбегінің таза жемісі деп толық айтуға болады. Баланың жетістігі – әр ата-ана үшін зор мақтаныш, - дейді әкесі Жасұлан Құлғалиев бізбен әңгімесінде.

Республикада топ жарған жас дарын – еліміздің құрама командасы құрамы сапында. Халықаралық олимпиадада Қазақстанның намысын қорғауға Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында өткен дайындық курстарына қатысып жүр.

Әлішерден кейін еріп келе жатқан інісі Ибраһим де ағасының жолын «Білім-Инновация» лицей-интернатына оқуға түсіп, биыл география пәні бойынша 7 сыныпты тәмамдауда. Тағы бір інісі Нұрәлі мен қарындасы Аделя да жастайынан білімге зерек болып, үлгілі отбасының абыройын аудандық, облыстық деңгейде асқақтатып келеді.

- Әлішер – салмақтығымен, көрегендігімен, мінезімен ерекшеленетін шәкірттеріміздің бірі. Оқу орнына келген сәттен бастап білімінің жан-жақтылығын

Әлішер НҰРОЛЛА, республикалық олимпиада жүлдегері:

«Ата-анамның қолдауын үнемі сезінемін»

Болашаққа арман-мақсатым өте көп. Республикалық олимпиада құрамасы сапында болу мен үшін жаңа мүмкіндікті ашқандай. Құрама сапындағы 14 бала (арасында жоғары сынып оқушылары да бар – Ә.Нұролла) бір-бірімізді тартып, бір-бірімізге үйретуден жалыққан емеспіз.

Мен ойын баласы болмадым. Керісінше, үлкендердің, ата-әжелердің әңгімесін көп тыңдадым. Сонымен қатар, кітапты көп оқыдым. Бұлар білім мен ғылымға бой түзеуіме септігін тигізгені сөзсіз. Бала үлкендерден тәлім алуы керек деп ойлаймын. Жетістікке жетуіме ата-анамның, әжемнің қолдауын жан-жақты сезініп келемін. Елге сыйлы отбасында тәрбиеленіп жатқаным үшін өзімді бақытты бала санаймын.

көрсетті. Ізденімпаздығымен бірден көзге түсті. Бастапқыда Әлішерге 2-3 мұғалім «таласқанбыз». Аз ғана уақыттың ішінде, география пәнін терең меңгеріп, облыста ғана емес, республикада топ жарды. Әр істі соңына дейін жеткізетін, әр тапсырмаға тыңғылықты дайындалатын Әлішердің болашағынан үлкен үміт күтемін, - дейді ұстазы Гүлсара Нұрғалиева.

Әріптестеріміз балалардың тәрбиесінде әжесі, Махамбет, Исатай аудандарында дәрігерлік еселі еңбегін сіңірген зейнеткер Дариға Қамашеваның ықпалы орасан зор екендігін айтады.

- Балаларға тәрбие беруде оларды біліммен қатар, еңбексүйгіштікке баулуға басты назар аударамыз. Және олармен жастығына қарамастан, жеке тұлға ретінде ақылдасамыз, кеңесеміз. Бұл оларды жауапкершілікпен қатар, өз ойын еркін жеткізуге итермелейді. Атап өтер жайт, бала тәрбиесінде «Ембімұнайгаз» АҚ көрсетіп отырған қолдауды жіті сезініп келеміз. Мысалы, олардың жазғы демалыстарын сәтті, тиімді ұйымдастыру, ой-өрістерін кеңейту, денсаулықтарын оңалту – бәрі компанияның үнемі назарында келеді. Компанияның әлеуметтік пакеті және тұрақты жұмыс көзінің арқасында ата-ана ретінде балаларды жан-жақты қолдаудан еш аянбаймыз. Әр ата-ана үшін басты құндылық – баласының жарқын болашағы. Осы мақсатқа жетуге мүмкіндіктерге даңғыл жол ашып беріп жатқан еңбек ететін ортамыз – «Ембімұнайгаз» АҚ-на алғысымыз зор, - деп ойларын түйді ата-ана Ж.Құлғалиев пен А.Халидуллина.

Топжарған

МҰНАЙШЫНЫҢ ҚЫЗЫ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Жуырда Шымкент қаласында өткен «Ғылым мен жастар – табысты болашақтың сенімді кепілі» атты республикалық ғылыми жобалар байқауында әріптесіміз, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай және газ өндіру цехының қабат қысымын сақтау операторы Ринат Алиевтің қызы Дильназ Ринатқызы топ жарып, Бас жүлде иеленіп оралды.

Дильназ бүгінде Аққыстау орта мектебінің 11-сынып оқушысы. Оның айтуынша, аталған республикалық конференция 2 бағыт бойынша өткен. Соның ішінде, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша бақ сынаған 42 оқушының ішінде Дильназ да болды. Айта кетейік, аталған білім додасында облыстың намысын қорғаған жалғыз өзі болған.

«Телебағдарлама атауларының ұлттық сипаты» тақырыбы бойынша Дильназ жылға жуық уақыт бойы зерттеу жұмыстарын жүргізген.

- Бұл тақырыпты таңдаудағы басты себеп – бүгінгі күнде осы мәселе өзекті саналып келеді. Себебі, кез келген арнаны қосып қалсаң, орысша немесе шетелдік тіркесті атаулар кездеседі. Мәселен, «Информбюро», «Ревью», «Muz zone» сынды телебағдарлама атауларын неге қазақшаламасқа? Осы тақырып бойынша мәселе көтеріп, ұсыныстар келтірдім. Қазылар алқасы бұл тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігіне баса мән беріп, Бас жүлдеге менің жобамды лайық деп тапты, - дейді Дильназ Ринатқызы.

Ол өз жобасында мектептерде, колледждерде студенттерге ана тілді ұлттық бағытта дамыту, «Қазақстанның телебағдарлама атауларына ұлттық

көзқарас» тақырыбында қолданбалы курстар өткізілсе, осы жоба жұмысы журналистика жұмысы мен бұқаралық ақпарат құралдарының ерекшеліктерінің ара-жігін ашуға, болашақта жүргізілетін ғылыми-зерттеулерге септігін тигізсе деген ұсыныстарын ортаға салған.

«Мәселен, жоғарыда аталып өткен «Muz zone» телебағдарламасы атауын қазақшаға аударғанда «Әуенді аймақ». Немесе «Жеті өнер», «Ауылдың алты ауызы» деп те аударса, құлаққа да жағымды әрі жылы естіледі» дейді байқау жеңімпазы.

- Мен бұл байқауға дайындалу барысында Гаухар Айымбектің монографиялық еңбегіне сүйеніп жаздым. Ол «Muz zone» сөзін slang, яғни, әлеуметтік диалект сөздер қатарына жатқызған. Жұмысымды сәтті дайындап, қорғауға атсалысқан ғылыми жетекшім Әмина Тастемірова мен ізденіс жолында үнемі қолдау білдіретін ата-анам шексіз алғысымды білдіремін, - деп атап өтті ол.

Дильназ үшін бұл алғашқы беделді білім додасы емес. Осыдан 2 жыл бұрын да республикалық ғылыми-жобалар байқауына қатысып, II орынды иеленсе, 2021 жылы жарнамалар туралы мәселені ғылыми жоба тақырыбына арқау еткен жас дарын байқау жеңімпазы атанған. Сонымен қатар, «Кино аудармасындағы тілдік



қолданыстар» тақырыбымен халықаралық байқауда да сәтті бақ сынады.

Дильназдың қазақ тілі мен әдебиетке деген қызығушылығы, ізденісі 8-9 сыныптарда оқып жүргенде басталды. Қазақтың көрнекті ақын-жазушыларының кітаптарын көп оқиды. Сонымен қатар, Ш.Шәріпов атындағы балалар саз мектебінің домбыра сыныбында дәріс алып, бос уақытында домбыраны өзіне серік етеді - дейді жайықтық әріптесіміз Ринат Алиев.

Дильназ бүгінгі қоғамда қазақ тілі мәртебесін арттыруға қазақ киноларын көптеп түсіру, қазақ тілінде дебаттарды жиі ұйымдастыру, әлеуметтік желілерде қазақ тілін сауатты қолдану, орыс тілді мектептер санын азайту оң септігін тизігеді деген жеке пікірімен бөлісті. «Өйткені, тіл – ең асыл құндылық. Оның қадір-қасиетін арттыру – өзіміздің қолымызда, - дейді Дильназ Ринатқызы.

Өнер

МЕНИҢ БАСТЫ ДЕМЕУШІМ- ӘКЕМ ДЕЙДІ ЖАС МУЗЫКАНТШЫ АҚГҮЛ АБЗАЛ

Ақгүл Абзалдың әкесі Ақылбек Көшенев «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-техникалық департаменті ақпараттық технологиялық бөлімінің аға инженері болып қызмет етеді. Ақылбектің жанұясында 4 бала тәрбиеленуде. Ақгүл – балалардың екіншісі, 3 ұлдың ортасындағы жалғыз қыз.

Ақылбектің жұбайы Гүлназ – мамандығы бойынша мұғалім. Алайда, бүгінде үйде балалардың тәрбиесімен ғана шұғылданады. Балаларының сабақтан тыс қоғамдық жұмыстарда, шығармашылықта еркін өз-өздерін көрсетуде анасының да ролі зор. Осындай жан-жақты ықыластың нәтижесі болса керек, Ақгүл 4 жасынан бастап биен, кейін домбырада ойнаумен айналыса бастады. Бүгінде 5 сыныпта оқитын Ақгүл облыстық, республикалық, халықаралық сайыстардың жеңімпазы болып та үлгерді.

Алдымен би туралы. Ақгүл 7 жастан бастап би өнерімен кәсіби деңгейде айналысуға бағыт ұстанады. Атыраудағы Венера Манасова жетекшілік ететін «Фламинго» атты би студиясына қабылданып, бүгінде биік сахнада жас та болса өнер көрсетіп жүрген талантты жастың бірі. Алматы қаласында барлық облыс орталықтарынан келген бірнеше өнер тобының арасынан «Фламингоның» би тобы Бас жүлдені ұтып алуы – жас бишілердің талантының нәтижесі.

Осыдан 3 жылдай уақыт бұрын Атырау қаласында балаларды өнер жолына бағыттауға арналған эксклюзивті «Қарақат мектеп-студиясы» ашылғанда, Ақгүл әкесіне келіп, ұлттық аспаптарда ойнауға үйренгісі келетінін айтады. Ақылбек сол кезді есіне алып «өнерді үйрен де жирен демей ме?! Қызым домбырада ойнап үйренейінші деп «Қарақат мектеп-студиясы» өнер мектебіне жазылуға қызығушылық танытқанда, көп ойланбастан келістім. Қызымның өнерге деген ынтасына қолдау көрсету – менің әкелік парызым» дейді.



Ақгүл бүгінде домбыра аспабында еркін ойнап, үлкен сайыстарға да жолдама алып жүр. Жақында Ташкент қаласында өтетін халықаралық өнер сайысына шақырту алып отыр. Онда Құрманғазының «Желкен қақпай» күйін сахнаға алып шықпақшы.

Ташкент қаласында өтетін өнер сайысына қызу дайындық үстіндеміз. Егер жақсы нәтижеге қол жеткізсем, күз айында Италияда өтетін өнер сайысына жолдама аламын деп үміттенемін. Осындай биік сахналарға шығуыма үлкен мүмкіндік жасап жүрген ата-анама алғысым шексіз. Әсіресе, менің бас демеушім – әкемнің еңбегі зор, - дейді жас өнер иесі Ақгүл Абзал.

Ембі-100

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін биыл ерекше жыл. 2022 жыл- отандық мұнай өндіруші компанияның 100 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Мерекелік шараға қатысты біздің компания Атырау облысының аумағында бірнеше шараларды жүзеге асырмақшы. Нақтылайтын болсақ, Жылыой ауданында 150 орынды мүмкіншілігі шектеулі балаларға арналған коррекциялық орталық, Аққыстау, Мақат, Доссор, Мұқыр кенттерінде 5 көп функционалды спорт алаңдары салынады. Оған қосымша компанияға қарасты мұнай-газ өндіру басқармалары орналасқан аудан орталықтарында Гала-концерт те жұртшылыққа ұсынылмақшы. Бұдан өзге бірнеше мәдени шаралар кезең-кезеңімен өз нәтижесін табады деп күтілуде.

«Ембі-100» бағдарламасының аясында салынатын тағы бір құрылыс – «Мұнайшылар даңқы» аллеясы. Бұл көптен бері айтылып жүрген өзекті мәселе деуге болар. Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуында зор қолтаңбалары бар бір топ ембілік ардагер компания басшылығына, Атырау облыстық әкімшілікке ұсыныспен шығып, аталмыш құрылыс нысанын салу жөнінде өз ойларын ортаға салған болатын. Биыл салтанатты шараның аясында қомақты қаражат бөлініп, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның демеушілігімен «Мұнайшылар даңқы» аллеясының құрылысын бастау жоспарланып жатыр. Осыған орай, құрылыстың мән-жайімен толығырақ таныстыру мақсатында кездесу өтті. Оған Атырау қалалық әкімшіліктің жауапты мамандары мен аталмыш құрылыс салынатын Смағұлов - 10 мекенжайында орналасқан үйдің тұрғындары мен компанияның ардагерлері қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА «Мұнайшылар даңқы» аллеясының құрылысына тоқталып өтті.

«Мұнайшылар даңқы» аллеясы орналасатын жер аумағы 6300 шаршы метрді құрайды. Д.Нүрпейісова атындағы мәдениет үйі мен қаламыздың орталық көпіріне дейінгі аралықта аллея бой көтермекші. Неге құрылыс нысаны үшін дәл осы жер аумағы таңдалды?

Дәл осы жер аумағының таңдалып алынуында үлкен мән бар. Сонау 30 жылдарда «Эмбанефть» тресінің алғашқы бас кеңсесі осы жерде салынып, бүгінде елге танымал, өмір жолдары көпке үлгі майталман мұнайшылар еңбек жолдарын бастаған жер. Сафи Өтебаев, Бөлекбай Сағынғалиев, Жолдасқали Досмұхамбетов, Орынғазы Есқазиев, Мақаш Балғымбаев сынды ардагер мұнайшылар дәл осы жерде еңбек жолдарын бастап, кейіннен еліміздегі іргелі кен алаңдарының ашылуы жолында еңбек еткен болатын. Қазақстан бойынша күні бүгіндері ел экономикасының көш басында тұрған іргелі кеніштердің ашылуында, іске қосылуында ембілік мұнайшылардың зор үлесін ешкім де жоққа шығара алмас. Бұл - тарихтан белгілі шынайы ақпарат. Міне, осы жайттарды ескерген компания басшылығы жергілікті атқарушы органдармен ақылдаса келе, мұнайшылардың құрметіне салынатын аллеяның құрылысын дәл осы жерде салуды ұйғарысты. Тиісті құжаттар да дайындалуда.

Бүгінде жұртшылық арасында «мұнайлы астана» деп аталып жүрген Атырау қаласында жергілікті халық демалатын орындардың аздығы рас. Осыған орай, болашақта салынатын «Мұнайшылар даңқы» аллеясы заман талабына сай келетін келбетімен Атырау қаласының сәнін арттыра түсетіні даусыз. Осы мақсатта қолға алынатын құрылыс жұмыстарының сапалы өтуін компания басшылығы жіті назарда ұстамақшы.



ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙҒА - «МҰНАЙШЫЛАР ДАҢҚЫ» АЛЛЕЯСЫ



Айта кету керек, аллеяда тек жер жұмыстары жасалады. Абаттандыру, көркейту. Мұнда күрделі техникалық технологиялық шешімдерді жүзеге асыру қарастырылмаған. Нақтыласақ, жылу трассасының орны өзгертіліп, «Мұнай тамшысы» монументі орналастырылады. Монументтің айналасында құрғақ су бұрқақтары да аллеяның сәнін аша түспекші. Аллеяның орталығында орналасатын 47 флагштоқтың өзінің тарихы да бар. Бұл Ембі өндірісіндегі 47 кен алаңының тарихын меңзеп тұр. Бұл жұмыстардың барлығы да басқа жерден монтаждалып, тек осы жерде құрастырылмақшы. Демек, тұрғындардың тыныштығы құрылыс жұмыстарынан бұзылады деп алаңдауға негіз жоқ. Бүгінде осы аумақтағы жұрт демалатын спорт алаңқайлары сол күйінде сақталатынын айта кеткен жөн.

Кездесу барысында Смағұлов-10 мекенжайында орналасқан баспананың тұрғындарын алаңдатқан мәселе жасыл-желекке қатысты өрбіді. Тұрғындар аллея бой көтеретін алаңдағы ағаштардың сақталу жөніне алаңдаушылық білдіріп отыр.

«Мұнайшылар даңқы» аллеясы орналасатын 6300 шаршы метр жер аумағындағы ағаштар барынша сақталады. Флагшток орналасатын жермен тұспа-тұс келіп тұрған жер аумағындағы 15 шақты ағаш кесілмекші. Кесілген бір ағаштың орнына 10 көшет отырғызылады.

Демек, кесілген ағаштардың орнын толықтыру 10 есеге орындалмақшы. Бүгінгі таңда жаңа көшеттерді алу мәселесі Атырау қалалық әкімшілікпен келісілуде. Яғни, питомниктерде өсіріліп жатқан үш жылдық ағаштардың барлығы да жергілікті климатқа төзімді, жаңа орынға тез бейімделіп кетеді деп отыр жауапты мамандар.

Бұдан кейін сөз алған тұрғындар өздерінің баспаналарына күрделі жөндеу мәселесін алға тартты. Тұрғындардың сауалына Атырау қаласы әкімінің орынбасары Самат Емберген толық жауап берді.

Смағұлов -10 мекенжайындағы екі қатарлы тұрғын үйдің салынғанына 67 жылдан астам уақыт болған. Баспана 2005 жылы апатты үйлердің тізіміне енген. Ал, мұндай үйлер күрделі жөндеуге жатпайтыны белгілі. 2025 жылға дейін Атырау қаласы бойынша 28 көп қабатты үй бұзуға кетеді. Солардың бірі- 15 пәтер иесі орналасқан Смағұлов -10 мекенжайындағы екі қатарлы үй. Бұған дейін бұл баспананың тұрғындарына қаламыздағы Береке, Нұрсая мөлтек аудандарында салынып жатқан жаңа үйлерден пәтер берілген. Алайда, тұрғындар қаланың орталығынан кеткісі жоқ.

Кездесуге қатысқан ардагерлер «Мұнайшылар даңқы» аллеясының салынуы Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек еткен қарапайым еңбек адамына көрсетілген құрмет деп өз бағаларын берді.

Кәсіби мереке

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ



Химия өнеркәсібі саласы дүние жүзінде тұңғыш рет Германияда XIX ғасырдың аяғында дүниеге келді. XX ғасырдың 50-70-жылдарының басы химия өнеркәсібінің дәуірлеген «алтын ғасыры» болды. Бүгінгі таңда химия өнеркәсібі – елдегі өнеркәсіптің жетекші салаларының бірі.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарындағы мұнай дайындау және айдау цехтарының лаборанттарының жұмыстары үлкен маңызға ие. Мұнайдың құрамын анықтау, сапасын тексеру, мұнайды технологиялық дайындаудың әр кезеңінің сапалы жүруін тексеруде химиялық талдау лаборанттарының үлкен қолтаңбасы жатыр. Осы орайда, кәсіби мереке қарсаңында ембілік сала мамандарының бір күндік жұмыстарының қыр-сырына үңілуге тырыстық.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен орны мұнай айдау және дайындау цехының лаборанттары мұнай құрамын зерттеуден алдына жан салмайды.

«Ата-анамның ізімен жүріп келемін»

Еңбек жолын 1981 жылы лаборант болып бастап, 41 жыл бойы бір кен орнында, бір қызметте табан аудармастан еңбек етіп келген **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның С.Балғымбаев кен орны мұнай айдау және дайындау цехының лаборанты Баия Райымбергенова** «осы ұжым өміріндегі үлкен тәжірибе мектебі болды» дейді.

«Ата-анам да мұнай-газ өндіру саласында еңбек еткендіктен, олар салған сара жолды жалғау менің ұрпақтық борышым болды деп айтуға да болады. Сондықтан, болашағымды осы саламен байланыстыруға шешім қабылдап, мектеп бітірісімен өндіріске келдім. Еш өкінбеймін.

Қырық жылды киноның лентасындай сырғытып, өткенге шегініс жасасақ, талай мықты мамандардан өмірлік сабақ алған екенмін. Атап айтсақ, Людмила Орлова, Сәуле Ғұмарова, Мархаш Мұстажапова, Света Мәтешева, Айғаным Құспанова сынды өз ісінің білгірлері, лаборанттардан тәлім алдым. Олардың қай-қайсысы да кәсіби біліктілігімен танылған, шеберліктері шыңдалған мамандар деуге толық негіз бар. Осы білімімді кейінгі ұрпаққа, жас мамандарға үйретуден жалықпаймыз. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы ғой» - дейді әріптесіміз бізбен әңгімесінде.

«Мұнай құрамын зерттеу құдды бір ғылыми қызмет сияқты»

Мұнай-газ саласындағы алғашқы қадамдарын жас маман ретінде сонау 1980 жылы «қара алтын» қабылдау, кейін мұнай айдау операторлығынан бастап, сан-салалы өндірістің қауырт жұмысына араласқан аталмыш цехтың лаборанты **Айғаным МАРДАШЕВА** біртіндеп тәжірибе жинақтап, осы саланың бүге-шүгесіне дейін меңгеріп алған мықты маманға айналды.

- Сол кездерді есіме алып отырсам, қыстың ызғары мен шіліңгір жаздың ыстығына төзіп, еңбек еттім. Лабораторияға сынама (проба) алып келгенде, ұжымның жұмысына қызығатынымын. Өйткені, мұнай құрамын зерттеу құдды бір ғылыми қызмет сияқты болып көрінетін.

Мақсат алға жетелеп, 2014 жылы лабораторияға ауыстым. Әр күніміз жаңалыққа, ізденіске толы, - дейді А.Мардашева.

Бір айдан соң Айғаным Мардашева зейнеткерлік демалысқа шыққалы отыр. 40 жыл еңбек уақытында өмірдің талай асуларын артқа тастады. Өмірлік жиған тәжірибесін артынан еріп келе жатқан жас мамандарға айтып келеді.



В последнее воскресенье мая в Казахстане отмечается День работников химической промышленности. Героиня нашего очерка-лаборант химического анализа 4 разряда цеха по подготовке и перекачке нефти НГДУ «Кайнармунайгаз» Назира Мухаева даже когда-то и не думала, что будет учить химию, колдовать над пробирками и колбами. А сегодня не представляет свою жизнь без любимой профессии, которая сыграла в ее жизни ключевую роль. Ведь благодаря своей специальности Назира познакомилась со своим будущим мужем, создала семью, обрела коллектив и свое место в жизни.

Ұзақ жылғы еңбектен кейін әдемі адами келбетпен, ұжымдастардың арасында сый-құрметке кенеліп, еңбек демалысына шығу – кез-келген адамның маңдайына жазыла бермейтін бақ.

«Химияға қызығушылық бала кезден басталды»

Ұжымдағы жас маманның бірі, ашық-жарқын келбетті **инженер-химик Дана СӘУЕНОВА** жастығына қарамастан, жауапкершілігі мол қызметті атқарып келеді.

«Есімде, 5 жасымда дадала ойнап жүргенде шөптерді жұлып алып, үйге ікеліп «зерттейтінмін». Табиғатты, айналаны тануға химияның әсері үлкен. Сондықтан, химия пәніне деген қызығушылығым сол бала кезімнен басталса керек. Батыс мұнайлы мекенде тұрғандықтан, өңірдің шикізат құрамын зерттеу арманға ұласты. Сондықтан, мектеп бітіргенде алдымда бір ғана мақсат тұрды. Сондықтан, Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Химия және химиялық технология» мамандығына оқуға түстім», - дейді Дана Сәуенова.

Университет қабырғасында білімін шыңдаған ол қолына дипломын алып туған жерге оралды. Жас маман еңбек жолын 2017 жылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы газды дайындау және күкірт алу цехында лаборант болып бастаған. Ал, ағымдағы жылдың қаңтар айында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на ауысып келді.

Бірлігі мен ұйымшылдығы ұштасқан ұжым жас маманды бірден өзіне баурап алып, жылы шыраймен қарсы алған.

Дана жұмысқа деген сүйіспеншілік болса, вахталық әдістің әйел адамға еш қиындығы жоқ екендігін айтады. Керісінше, отбасының, ұжымның қолдауы болса, кәсіби маман ретінде дамуға жол ашық, бұл бағытта Компанияның жастарға қолдауы зор екендігін айтады.

«Химия өнеркәсібінің болашағы зор»

Алматы қаласында Абай атындағы республикалық мамандандырылған мектеп-интернатының түлегі **Бахтияр УАХИТҚА лаборант** мамандығын таңдауға, алдымен, әке өсиеті мен тағдырдың өзі оң ықпал еткен.

2013 жылы өткен халықаралық олимпиадаға физика пәнінен қатысып, еліміздің кез келген оқу орнына тегін оқу грантын ұтып алған ол мамандыққа химия пәнін таңдаған.

- Химия пәнінің болашағы зор. Химия сонау заманнан күнделікті тұрмыста қолданылып келген. Мысалы, май мен күлдің қасиетін пайдаланып, қолдан сабын жасаған, айран ұйытып, қымыз ашытқан. Химияның дамуы ерте заман, таяу заман және осы заман сияқты дәуірлерді басып өтті. Бүгінгі күнде, ауыл шаруашылығы мен қоғамдық тұрмысқа қатысты болған материал, энергия қайнары, кеңістік пен тіршілік арасындағы байланыс күннен күнге нығая түсуде. Әрі химия осылардың арасындағы алтын көпірге айналды. Мұнай-газ өндіру саласының да химия ажырамас бөлігі саналады, - дейді ол.

Бахтиярдың Ембі өндірісіне жұмысқа араласқанына 3 жылдай уақыт өткен. Десек те, ол жұмысқа арналасқан 2019 жыл – Жастар жылы аясында «Ембімұнайгаз» АҚ компаниясында жастардың интеллектуалдық қабілеттерін, кәсіби шеберлік терін дамыту мақсатында көптеген ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Осы корпоративті шаралар арқылы ұжымға, жас мамандар кеңесі құрамына сіңіскен Бахтияр «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-да ұйымдастырылатын мәдени-көпшілік шараларға белсенділікпен қатысып келеді.

Р.С. Қазыналы «қара алтынды» дайындау және айдау өндіру мен өңдеу секілді күрделі кезеңдерден өтеді. Саналы ғұмырларын осы жауапкершілігі мол салаға арнаған мәртебелі мамандық иелерін келе жатқан төл мерекелерімен құтықтаймыз!

ЛУЧШАЯ В СВОЕМ ДЕЛЕ

Сегодня супруг Назиры работает товарным оператором- лаборантом на НПС АО «КазТрансОйл».

- У вас одна профессия, и разговоры за семейным столом, наверное, о работе?

- Конечно, особенно я люблю рассказывать, - смеется Назира. - Иногда даже спорим. В некоторых случаях муж говорит конкретно: «Давай дома не будем говорить о работе».

Их крепким семейным чувствам не является преградой и тот факт, что Назира и ее супруг работают вахтовым методом. А ведь бывает и так, когда один из них приезжает с работы, другой уезжает. Во время трудовой вахты родителей, воспитание четырехлетнего сына ложится на плечи свекрови Назиры.

Назира Мухаева родом из Жамансора. Свой трудовой путь она начала в НГДУ «Кайнармунайгаз» техническим работником. Любовь к профессии появилась после того, когда однажды Назира увидела работу лаборантов. Тогда девушка и сделала свой окончательный выбор: поступила на специальность «Химическая технология органических веществ» АУНИГ им.С.Утебаева.

- Вначале, когда начала работать, было волнение и некая неуверенность. Это и понятно, ведь тогда я опиралась лишь на теоретические знания. И тут на помощь мне пришли мои наставники – инженеры-химики Актоты Курманбаева и Багдагуль Жайкина, - вспоминает Назира. - Они щедро делились практическим опытом, оказывали поддержку во всем. И в том, что я сейчас состоялась как специалист, большая их заслуга.

Определение плотности нефти, содержания серы и механических примесей в ней, вычисление давления насыщенных паров - это неполный перечень объема работ, выполняемых Назирой Мухаевой.

- Не согласна, когда говорят, что работа лаборанта-скучная и однообразная. Готовить химические растворы, взвешивать продукты, делать расчеты - все это, можно сказать, интересный творческий процесс. И я свою работу выполняю с удовольствием, - воодушевленно рассказывает Назира. - В будущем мы будем проводить анализ на застывание нефти. Новое оборудование уже прибыло, предстоит пройти обучение для работы на нем. В целом, у нас хороший коллектив, созданы все условия для труда. В свободное от работы время стараюсь совершенствовать свои знания. Хорошо было бы, если бы нас отправляли на стажировку на родственные предприятия для обмена опытом.

Недавно в НГДУ «Кайнармунайгаз» прошел первый тур конкурса «Лучший по профессии», где в номинации «Лаборант химического анализа» победила Назира Мухаева. Впереди второй тур, где предстоит проявить еще больше знаний, силы воли и упорства. Назира готова приложить все усилия и верит, что удача будет на ее стороне.

Семинар

БЕЗОПАСНОСТЬ ПРЕВЫШЕ ВСЕГО



На базе АО «Эмбамунайгаз» прошел семинар с участием ответственных лиц дочерних и зависимых организаций АО «НК «КазМунайГаз» по разработке (актуализации) Плана действий по ликвидации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера.



Перед началом семинара был проведен вводный инструктаж. Открывая встречу, начальник управления производственной безопасности департамента охраны труда и окружающей среды АО НК «КазМунайГаз» Айса Утепов особо подчеркнул актуальность Плана действий по ликвидации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера. Данный документ определяет объем, организацию, порядок, способы и сроки выполнения мероприятий по защите работников, объектов, зданий и сооружений, техники и оборудования, материальных запасов от поражающих факторов

стихийных бедствий, аварий и катастроф, которые могут возникнуть как на самих объектах ДЗО, так и на соседних объектах иных организаций, а также на прилегающей территории к ДЗО, в том числе при возникновении аварий с выбросом в атмосферу СДЯВ, землетрясений, пожаров и других природных катаклизмов. О том, как должен разрабатываться План действий подробно рассказал ведущий специалист управления производственной безопасности департамента охраны труда и окружающей среды АО «НК «КазМунайГаз» Кизат Кыстаубаев. В частности, отметил он, в документе

должны найти отражение не только конкретные мероприятия, выполняемые должностными лицами-ответственными за их своевременное исполнение, но и мероприятия по проведению аварийно-спасательных и неотложных работ привлекаемыми силами и средствами для ликвидации ЧС. Методические рекомендации, которые, к слову, разработаны сегодня только лишь в «КазМунайГазе», должны выступить в качестве пособия для разработки Плана действий по ликвидации ЧС. В ходе семинара его участники получили ответы на вопросы, состоялся обмен мнениями.

Хабарландыру

«Ембімұнайгаз» АҚ тікелей сауда-саттық жолымен автокөлік құралдары мен арнайы техниканың сатылатыны туралы хабарлайды

№ п/п	АТС маркасы	Мемномері	Шыққан жылы	Балансында ұстаушы	Сатылу бағасы, тенге
1	Daewoo Bs090 (автобус 30 орын)	169AB06	2008	"ЖайықМГ" МГӨБ	618 375
2	Паз 32053 (автобус 25 орын)	058AB06	2008	"ЖайықМГ" МГӨБ	685 100
3	Паз 32053 (автобус 25 орын)	025AB06	2009	"ЖайықМГ" МГӨБ	685 100
4	Паз 32053 (автобус 25 орын)	192AB06	2009	"ЖайықМГ" МГӨБ	685 100
5	Урал 3255-0010-41 (вахталық автобус)	156AD06	2008	"ЖайықМГ" МГӨБ	1 677 520
6	Уаз 396295-336 (жедел медициналық жәрдем)	171AB06	2012	"ЖайықМГ" МГӨБ	558 167
7	Урал 5557-1151 40 (АДПМ)	063AD06	2004	"ЖайықМГ" МГӨБ	1 052 840
8	Т-10 МБ ПТП-40	AED655E	2009	"ЖайықМГ" МГӨБ	4 480 857
9	Daewoo Bs 090 (автобус 30 орын)	628AA06	2008	"ЖылыойМГ" МГӨБ	613 842
10	Урал 3255 0010-59 (вахталық автобус)	361AD06	2009	"ЖылыойМГ" МГӨБ	1 710 491
11	Уаз 29891 (Мобильді диагностикалық комплекс ГДИ)	558AE06	2013	"ЖылыойМГ" МГӨБ	672 917
12	Т10 ПБ (ПТП-40)	ACDE417	2006	"ЖылыойМГ" МГӨБ	2 193 129
13	Паз 32053 (автобус 25 орын)	159AA06	2009	"ДоссорМГ" МГӨБ	736 667
14	ГАЗ 34039-32 қар-балшықпен жүретін шынжыр табан	ACDE273	2008	"ДоссорМГ" МГӨБ	1 034 982
15	Көтергіш ПТП-40 Т-170	AHD212E	2005	"ДоссорМГ" МГӨБ	2 173 994
16	Паз 32053 (автобус 25 орын)	443AA06	2008	"ҚайнарМГ" МГӨБ	685 100
17	Паз 32053 (автобус 25 орын)	429AA06	2009	"ҚайнарМГ" МГӨБ	699 834
18	Паз 32053 (автобус 25 орын)	759AA06	2009	"ҚайнарМГ" МГӨБ	699 834
19	Урал 3255-0010-41 (вахталық автобус)	763AA06	2008	"ҚайнарМГ" МГӨБ	1 667 779
20	Урал 3255-0010-41 (вахталық автобус)	458AA06	2008	"ҚайнарМГ" МГӨБ	1 667 779
21	Урал 3255-0010-59 (вахталық автобус)	E829BV	2009	"ҚайнарМГ" МГӨБ	1 704 264
22	Уаз 396295 (жедел медициналық жәрдем)	439AA06	2009	"ҚайнарМГ" МГӨБ	530 188
23	Урал 5557-1151-40 (АКН-6,6)	E848BV	2009	"ҚайнарМГ" МГӨБ	2 975 064
24	Паз 32053 (автобус 25 орын)	768AA06	2008	ӨТҚЖЖКБ	691 334
25	Паз 32053 (автобус 25 орын)	766AA06	2008	ӨТҚЖЖКБ	691 334
26	Кавз 3976 20 (автобус 20 орын)	E993BV	2005	ӨТҚЖЖКБ	605 625
27	Урал 4320-0111-10 (бортты)	944AA06	2000	ЕМЭБ	2 759 075
28	Газ 3308 (бортты)	937AA06	2000	ЕМЭБ	501 277

Әлеуетті +сатып алушы ретінде тіркелу үшін **2022 жылғы мамыр айының 23-і мен 27-сі аралығында** «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) кеңсесіне 122 кабинет төменде көрсетілген құжаттарды аузы жабылған конвертке салынған күйінде тапсыру қажет (өтініштің тіркелгені туралы белгі соғылып, номері, күні мен уақыты көрсетілген екінші данасы өтініш иесінің өзінде қалады):
1) еркін түрде автокөлік құралын және арнайы техниканы сатып алу туралы ресімделген, міндетті түрде **АТС маркасы, мемлекеттік номері мен сатып алу бағасы** (бұл ретте сатып алынатын бағасысатылатын бағасынан жоғары болуы мүмкін, бірақ 50 %-дан төмен болмауы тиіс) көрсетілген өтініш (**өтініш үлгісі жалғанды**);
2) жеке куәлік көшірмесі және Қоғам жұмыскерінің корпоративтік бейджигі (бейджик жоғалған/болмаған жағдайда Қоғамның ӘБ/АӨҚБ-гі жұмыс орнынан анықтама тапсыру);

Әлеуетті сатып алушыны іріктеу критерийі:

1. Әлдеқайда жоғары баға ұсынған әлеуетті сатып алушы;
2. Бір көлік түріне бірнеше әлеуетті сатып алушы бірдей баға ұсынған жағдайда, ол өтінішпен бірінші болып тіркелген әлеуетті сатып алушыға сатылады.

Автокөлік құралдары мен арнайы техниканы тікелей сауда-саттық арқылы сату қорытындысын шығару **2022 жылдың маусым айында** «Ембімұнайгаз» АҚ активтерді сату жөніндегі тұрақты жұмыс жасайтын қолданыстағы комиссия мәжілісінде жүргізіледі.

Көлік үшін төлем жүргізу шарты – біржолғы төлем автокөлік құралы мен арнайы техниканы сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Сатылатын мүлікті нақты сипаттау бойынша қосымша ақпарат алу үшін көрсетілген мекенжайға хабарласу қажет: 060002, Атырау қ., Уәлиханов көшесі, 1, «Ембімұнайгаз» АҚ ғимараты, каб. 322, 809, тел. 8 777 775 01 33, 8 (7122) 99-34-78.

АКҚ мен АТ әлеуетті сатып алушылардың қарау кестесі:

2022 жылдың мамыр айының 21-і мен 26-сы аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның төменде көрсетілген өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Жамансор стансасы, «Қайнар» вахталық қалашығы, Қызылқоға ауданы;
 - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнайы техника гаражи, МТҚ қоймасы, Исатай ауданы;
 - «Доссормұнайгаз» МГӨБ Доссор поселкесі, ТМҚ қоймасы, Мақат ауданы;
 - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсары учаскесі ӨТҚЖЖКБ, Құлсары қ., Жылыой ауданы;
 - ӨТҚЖЖКБ Атырау қ., Бірлік поселкесі, ӨТҚЖЖКБ базасы, өндірістік аймақ, телемұнара аумағы;
 - «Ембімұнайэнерго» басқармасы, Атырау, Бірлік поселкесі, өндірістік аймақ, телемұнара аумағы.
- Жауапты жұмыскер - «Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті жедел басқару департаментінің жұмыскері: Атрауов Г.К. (тел. 8 777 775 01 33).

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның активтерді өткізу жөніндегі тұрақты жұмыс жасайтын комиссиясының төрайымына

өтініш беруші (Т.А.Ә) _____
лауазымы/қызметі _____
Атауы (ӘБ/АӨҚБ) _____
Мекен жайы _____
ЖСН _____
Телефон _____

Тікелей сату арқылы автокөлік құралы мен арнайы техниканы сатып алуға берілген өтініш

Сізден _____ балансында тұрған төмендегідей көлік құралын сатып алу құқығын беруіңізді сұраймын.

АКҚ Маркасы: _____
Мем. номері: _____
Сатып алу құны: _____ теңге
Сатып алу құны жазбаша: _____

Т.А.Ә: _____
Қолы: _____
Күні: _____

Руханият

ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙ



6 мамыр күні Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының 50 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті.

- Биыл «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығымен қатар Компанияға қарасты «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының 50 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келіп отыр. Жүктерді қабылдау, түсіру, қоймалау, сақтау, өндіріске жіберу, базаларға түскен тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау келісімшартына мониторинг жүргізу жұмыстарымен айналысатын басқарма ұжымының Компания қызметінде алар орны зор. Басқарма ұжымын жарты ғасырлық мерейлі тойларымен құттықтап, еңбектеріне табыс тілейміз, - деп атап өтті салтанатты жиынға қатысқан **ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА**.

Айта кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымдық бөлімшесі ӨТҚЖКБ 1972 жылы бұрынғы «Ембімұнайтехснаб» конторасы негізінде құрылды.

Кеш барысында Қазақстан-британ пианисті, халықаралық конкурстардың лауреаты, Музыка Корольдігі академиясының магистрі Дина Дүйсеннің және аталған Өнер академиясы оқушыларының концерті көрермен назарына ұсынылды.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmger.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.